

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың математика кафедрасы Өскемен қаласы және Шығыс Қазақстан облысының 11-сынып оқушыларының арасында математикадан V Областық олимпиаданы өткізеді.

Олимпиаданы өткізу мақсаттары:

- математиканы меңгеруге деген танымдық қызығушылықты дамыту;
- орта білім беретін мекемелерде жалпыбілім беру бағдарламаларын меңгеріп жатқан оқушыларда шығармашылық қабілеттері мен ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты ашу және жетілдіру;
- дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайларды ;
- жастар арасында ғылыми білімді кеңінен насихаттау;
- 5B010900-Математика және 5B060100- Математика мамандықтарында оқу бойынша бітірушілерге кәсіптік бағдар беру.

Олимпиаданы өткізу міндеттері:

- математика пәні бойынша бітірушілердің білім деңгейлерін анықтау;
- оқушылардың есептерді шығаруда математикалық білімдерін қолдану біліктерін дамытуға жағдай жасау;
- оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін анықтау.

Олимпиаданы ұйымдастырушы: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың математика кафедрасы.

Олимпиада регламенті:

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең – іріктеу кезеңі, қашықтықтан оқыту технологияларын қолданумен сырттай түрде **2017 жылдың 9-қаңтарынан 28-қаңтары аралығында** өткізіледі;

Көрсетілген уақыт аралығында бірінші кезеңнің шығарылған есептерін zhaksylykova0507@mail.ru электрондық мекен-жайына сканерленген түрде жіберу керек немесе қағаз нұсқасында Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі 148, аудитория 205 (С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың № 7оқу корпусы) мекен-жайына әкелуге болады.

- екінші кезең – қорытынды кезең, **2017 жылдың 3-ақпанында** Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі 148, аудитория 205 (С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың № 7оқу корпусы) мекен-жайында күндізгі түрде .

Олимпиадаға қатысушылар: Қазақстан азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар Олимпиада қатысушылары бола алады.

Қорытынды кезеңіне қатысуға Олимпиаданың іріктеу кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сонымен қатар сол пән бойынша өткен жылдың Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері, егерде олар жалпы орта (толық) білім беру бағдарламаларын жалғастырып жатқан болса, рұқсат беріледі.

Олимпиаданың қорытынды кезеңін өткізу регламенті: 3 ақпан 2017 ж.

09.00-10.00 – олимпиадаға қатысушыларды тіркеу;

10.00-10.20 – олимпиаданың салтанатты ашылуы;

10.20-13.20 – қатысушылардың тапсырмаларды орындауы;

13.20-13.50 – оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен кәсіптік бағдар бойынша жұмыс;

13.50-14.30- қорытынды, марапаттау, **олимпиаданың жабылуы.**

Қорытынды кезеңіне қатысушыларды тіркеу **2017 жылдың 3-ақпанында** сағат 9.00. ден 10.00 ге дейін С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың № 7оқу корпусында жүргізіледі. Тіркелуден өту үшін олимпиадаға қатысушыларда көрсетілген мектептерінде оқитындығы туралы анықтамалары болуы керек.

Олимпиаданы жүргізу тілдері: қазақ, орыс.

Қатысушыларды марапаттау:

Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Олимпиаданың қорытынды кезеңінің нәтижесі бойынша анықталады. Олимпиаданың жеңімпаздары болып 1 дәрежелі дипломмен марапатталған Олимпиаданың қатысушылары табылады. Олимпиада жүлдегерлері болып 2 және 3 дәрежелі дипломмен марапатталған Олимпиаданың қатысушылары табылады.

Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері университет дипломымен марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломының түпнұсқасына Олимпиада Ұйымдастыру комитетінің төрағасы қол қояды және оған ШҚМУ елтаңбалық мөрі басылады. Ұйымдастыру комитеті бекіткен мерзімде дипломдар беріледі. Олимпиада жеңімпазының (жүлдегерінің) сұранысы бойынша Ұйымдастыру комитеті www.vkgu.kz мекен-жайы бойынша «Олимпиада» беті арқылы оның дипломының электрондық нұсқасын береді. Дипломның түпнұсқасымен және оның электрондық нұсқасының бірдей заңды күші бар.

Әділқазылар алқасының хаттамасына сәйкес Олимпиаданың нәтижесі ШҚМУ-ға қабылдау Ережесіне қарастырылған тәртіпте 1 курсқа ақылы негізде оқуға түсу кезінде есепке алынады. Олимпиаданың жеңімпазы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша байқауға қатысады, онда олимпиаданың таңдау мамандығы бойынша ШҚМУ кодын бірінші мамандықта көрсетеді. Оқуға қабылданатын олимпиада жеңімпазы оқу шығынын толық өтеумен 1 жылға университет грантын алады.

ЖҒЖТФ деканы

Н.М. Темірбеков

Математика кафедрасының
меңгерушісі

М.Н. Мадияров

Маркетинг және жоғары оқу орнына
дейінгі дайындық бөлімінің бастығы

С.К. Искакова